

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОБЛЫСТЫҚ ФТИЗИПУЛЬМОНОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ МКК
ХАТТАМАСЫ № 2024/2**

31 мамыр 2024 жыл

№2

Шымкент қаласы

Өткізілетін орны: Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК мәжіліс залы, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Жібек жолы даңғылы, 13/1 ғимарат, 1 қабат, конференц-зал.

Өткізілетін уақыт: 2024 жылдың 31 мамыр, сағат 09:00

Жалпы жиналысқа етуші: Г.К. Нуржанов

Хатшы: Е.Б. Анарбеков.

Жиналысқа қатысушылар: басшы орынбасарлары мен әкімшілік бөлім қызметкерлері, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер, және аға медбикелер мен мейірбикелер қатысты.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- **Ұжымының қызметкерлерінің қатысуымен осы аталған кәсіпорынның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-ортақ парыз»** деген тақырыпта баяндама, оны талқылау және қызметкерлер алдында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сөз сөйледі:

Кәсіпорын басшысының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары және жиналыс төрағасы Г.К.Нуржанов жиналысты ашық деп жариялап, қазіргі таңдағы мәселелердің бірі – қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірмесін таныстырып, түсіндіру үшін орталықтың заңгері Е.Б.Анарбековке жалғатыруды тапсырды.

Сөз сөйледі:

Кәсіпорын заңгері Е.Б. Анарбеков өзінің баяндамасында: қоғамымызда індет болып жабысқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршаға ортақ парыз екендігін атап, түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мелекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас



жемқорлықты барынша азайтуға, оны болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп, толыққанды мәлімет берді.

Бұл көтеріліп отырған мәселе дәл қазіргі кезеңде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр. Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тию және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Орын алған жағдайлармен күрестің тиімді нәтижесіне тиімді қол жеткізу үшін жемқорлық құқық бұзушылықтарды бұлтартпау және оны болдырмау жөнінде кешенді шаралар қабылдау қажет.

Өз кезегінде барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы барлық мемлекеттік органдарының жұмыс барысында аса маңызды құжат болып табылады, сондықтанда мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды тетігі болып отырған барлық салада да сыбайлас жемқорлықпен күрес басым бағыт ретінде белгіленуі тиіс.

Жалпы жиналысқа қатысушылар баяндамашының жасаған баяндамасын талқылау барысында өз пікірлерін ортаға салып, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізуі, яғни жемқорлықпен күресу керектігі жөнінде ойларымен бөлісті.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша төраға қортындылай:

- Кәсіпорын қызметкерлері арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидалары бойынша атқарылған жұмыстарына қанағаттандыарлық деген баға берілді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңдарын талқылауды белсенді түрде түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Жиналыс төрағасы

Жиналыс хатшысы



Г.К.Нуржанов

Е.Б.Анарбеков